

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

«АБАЙ-ШЕКЕРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН
ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ» атты
республикалық оқу-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4 мамыр, 2014 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған*

Конференция материалдары 1957 МҚ «Абай-Шәкәрім шығармашылығын
зерттеудің жаңа бағыттарын негіздеу мәселелері» атты
Ғылыми жобасы қаржысы есебінен шығарылды

Жоба жетекшісі

филология ғылымдарының докторы, профессор **К. Әбдіхұлым**

Жауапты редакторы

филология ғылымдарының докторы, профессор **К. Мәлібай**

«Абай-Шәкәрім шығармаларын орта және жоғары мектепте
оқыту әдістері» атты республикалық оқу-әдістемелік конференция
материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 179 б.
ISBN 978-601-04-0784-8

Конференция материалдары Абай-Шәкәрім шығармашылығын
орта, кәсіптік және жоғары мектептерде оқыту мәселелерін
зерттеуші әдіскерлерге, студенттер мен магистранттарға арналған.

ISBN 978-601-04-0784-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АБАЙ – ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АБАЙДЫҢ ТУҒАН КҮНІН ШАТАСТЫРМАЙЫҚ

Есенбетов А.

*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Шәкәрім атындағы
Семеней мемлекеттік университеті
гуманитарлық факультетінің деканы*

Жыл сайын 10 тамыз күні «Қазақтың бас ақыны»
(А. Байтұрсынұв) Абайға арналған поэзия кештері, түрлі мерекелік
жынындар ұйымдастыру жүйесі күбылысқа айналды. «*Адызаттың
бары сүй, бауырымден*» аталған жыр мерекесі әсем Алағұлдың
баурайында, ұлы ақын ескерткішінің жанында ұрпақтарының
қатынасұымен өтуі жарасымды. ақ. Абай оқулары, мұшайға,
ақындар сайысы сияқты түрі өзгеше болғанымен, мақсаты бір
мәдени, әдеби іс-шаралар Қазақстанның көптеген қалаларында
мерекеге айналды. Оған кәе қазақ даласын жырға бөлеген
тегерациохабарлар, әдебиет пен өнердің ірі қайраткерлері
қатынасқан тағылымды жыр пашулар. Осы жолғы жер-жерде
өткен поэзия мерекесі ауқымның кендігімен, қатынасұшылар
санының өсуімен, әсіресе, көкерім жастардың бар ынтысұымен
атсалысуымен ерекшелене түсуі куантанды. Абайға құрмет –
қазақтың әдебиеті мен тіліне, тарихы мен болашарына құрмет
екендігін бүтінгі жас буын бойлай ұғынған сияқты. Өткізіліп
жатқан шаралардың ешқайсысына көленке түсіру, тырнақ астынан
кір іздеу – әуелден қаперімізге алмаған дүние. Алайда, Абай
есімінің аталуы көңілге қуаныш ұялатқанымен, қолда барды ұқсаста
алмай, ақын өмірбаянына нем–кетті көзқараспен қарау ешкімге де
абырой әпермейді.

Иә, қазақтың алдынан қашан да кесе-көлденен шыға келетін
«әттеген-ай!» төңірегінде тағы да ойланып отырмын. «Әттеген-



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ



**«АБАЙ-ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН
ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ» АТТЫ
республикалық оқу-әдістемелік конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

ISBN 9965-980-50-0
9965-980-50-0

4 маусым, 2014 жыл

Алматы 2014



ӘДЕБИЕТТІ ЖАНАША ОҚЫТУ ЖАЙЛАРЫ

Шортанбаев Ш.

*ал-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы*

Әдебиет пәнінің өмірді тануға және сүюге, білім мен ой-өрісті кеңейтуге, мінез-құлықты тәрбиелеп, қиялды ұштауға, әсемдік әлеміне терең бойлауға зор мүмкіндік беретінін, ұрпақ тәрбиелеуде алатын орнын ештеңемен алмастыра алмайтынмызды анық білеміз. Осынау ұлы құндылықтардың қай заманда болмасын адамның рухани тұрғыда қалыптасуына қызмет етіп келе жатқаны анық. Орта және жоғары мектептегі шәкірттің әдеби-теориялық ұғымдар арқылы көркемдік талғамын, эстетикалық танымын тәрбиелеп, көркем әдебиетті жан-жақты тани алуына менгертіп қана қоймай, оған қоса сөз өнері иелерінің әдебиеттің тарихындағы алар орнын, қосқан үлесін саралап, стандартты оқу бағдарламаларында, жоспарында, типтік оқу бағдарламаларында тиісінше қамтылуына, толықтырылуына, жанартылуына және оқытылу деңгейі мен мүмкіндігіне зер салып, заман талабына орай қайта қарастырып, сұрыптап, тәуелсіздік тұрғысынан бағамдаудың қажеттілігі туғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Төл әдебиетіміздің арғы-бергі тарихын жетік біліп, жан-жақты терең менгертіп-сусындату бүгінгі шәкірт үшін де, өскелең ұрпақ үшін де орны жетпес қазына. Жаһандану дәуіріне аяқ басқан уақытта қоғамдық өмірімізде болып жатқан саналуан өзгеріс-жаңалықтарды ескере отырып, әдебиетті, оның тарихын жаңаша тұрғыдан пайымдап, оқытуды жаңа технологиялардың негізінде жүзеге асырудың да тетіктерін игеру қажет. Қоғам туындағып отырған қажеттілік пен сұранысты ескере отырып, тәуелсіз елдің ертеңгі ұрпағын тәрбиелеу мен оқытуда жаңашыл-инновациялық технологияның әлеуетін терең қамтып жазылатын жаңа буын оқулықтарының ұстанатын нақты бағытына, сапасына көп мән беру керек. Яғни, Әдебиеттің тарихын, көрнекті қаламгерлер шығармашылығын заман талап етіп отырған құзыреттілік тұрғысынан оқыту, ізденіске негізделген инновациялық технологияларды пәнді оқытуға бейімдеу, әлемдік білім беру кеңістігіне ену кезеңіндегі (Болон үдерісі т.б.) әдебиет тарихын оқытудың жаңа мүмкіндіктерін саралап, ұлттық ерекшеліктерімізді

ескеру т.б. Мәселен, өткен ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ әдебиетін оқыту барысында әдебиет тарихынан орын алуға тиісті, шығармалары ғылыми айналымға түссе қоймаған, оқу бағдарламаларына түрлі себептермен енбей қалған біршама шығармашылық өкілдерін кездестіруге болады. Ендеше, бұл кезең әдебиетін оқытуда есімдері ескерусіз қалып, тиісті дәрежесінде аталмай, әдебиет тарихындағы алатын өзіндік орны жете сараланбай келе жатқан шығармашылық өкілдерін оқу бағдарламаларына, сонымен қатар жаңадан жазылып жатқан оқулықтарға енгізіп, жүйелеу қазіргі кезде керек-ақ. Мәселен, Асқар Сүлейменов, Әділбек Абайділданов, Жұматай Жақыпбаев, Мағзом Сүндетов және басқа қаламгерлермен бұл тізімді толықтыра түсуге болар еді. Жалпы алғанда, өткен ғасырдағы 60-90 жылдар аралығындағы қазақ әдебиетін ең бір жемісті, ұлт әдебиетінің қазынасына сүбелі, шұрайлы шығармалар қосылған, әлем әдебиетінің озық туындыларымен бір қатарға тұра алатын, құнарлығы жөнінен кез келген ұлт әдебиеті шығармаларымен иық тірестіре алатын кесек хәм күрделі туындылар дүниеге келген кезең деп танымыз. Сондықтан осы үлкен кезеңге сол кезде жазылған туындылардың бәрі бірдей енгізілді деп айту қиын. Әрине, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов секілді бірқатар тұғалалардың, әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармалары оқытылып келеді. Осы тұста әлі де біздің «әттеген-айларымыз» кездеседі. Мәселен, әртүрлі себептермен тасада қалып кеткен шығармаларымыз бен әдебиет тарихына енбей қалған, есімдері көп атала бермейтін тұғалаларымыздың шығармашылық әлеуетімен оқырманды, ғылыми органы толыққанды таныстыру мәселесін де ұмытпауымыз керек. Сонымен бірге, 60-90 жылдардағы сатира жанрының майталмандары, қазақ тілінде тұңғыш сатиралық романды дүниеге әкелген Салықбек Адамбековтің, Жүсіпбек Алтайбаевтың, Оспанәлі Иманәлиевтің, Оспанхан Әубәкіровтің, Шона Смаханұлының және тағы басқа қалам иелерінің шығармаларын жоғары оқу орындарында арнайы оқытудың, бағдарламаларға енгізудің кезегі жеткені анық. Сондай-ақ, қазақ балалары әдебиетінің өкілдері қатарында саналатын Сансызбай Сарғасқаев, Әділбек Дүйсенбиев, Машқар Гумеров, Марат Қабанбаевтардың есімін де, әдебиет тарихындағы алар орнын да тиянақтап, өмір деректері мен шығармашылығын оқытуды жоғары

мектеп бағдарламаларында қамту мәселесін қарастыру қажеттігін де атап айтқым келеді. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінде кенжелеу дамып келе жатқан фантастикалық жанр бар. Осы жанрдың өзіндік ерекшеліктерін саралаумен қатар, аталмыш салада қалам тербеген авторлардың шығармашылығын да жүйелеп оқыту негізінде арнайы оқу бағдарламаларына енгізілуі керек-ақ. Тағы бір мәселе, қазақ әдебиетінде аз зерттелген, дегенмен өзіндік қалыптасу, даму заңдылықтарын бастан өткерген детектив жанры жайында. Мұның да тұтқасын ұстаған жазушыларымыз жоқ емес. Мәселен, белгілі қаламгер Кемел Тоқавтың «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» деген сүбелі шығармаларын детектив жанрындағы үздік туындылар деп айта аламыз. Осы шығармаларды бала кезімізде, кейініректе де қызыға оқығанымызды ұмытпа қойған жоқпыз. Соны негізге алып, үлгі тұтып жазылған қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының бар екенін ұмытпауымыз керек. Оның бүтінгі күні қалай жалғасын тауып отырғандығын да зерттеп, зерделеп отыру қажет.

Бүтінгі таңда қазіргі қазақ әдебиетін оқытудың да ара-жігі әлі толық ажыратылып, белгілене қойған жоқ. Оқыту барысын жетілдіретін тұстар кездеседі. Мәселен, қазіргі қазақ әдебиетіндегі түрлі тақырыптарды игерудегі жазушылардың шығармашылығын талдап-талқылау мен таратып айту жағы әлі оқулықтарда толық қамтыла қойған жоқ. Қазіргі қазақ әдебиетін біз тәуелсіздік алған кезеңнен бастаймыз. Бүтінгі қазақ әдебиетінің өкілдеріне қолына қалам алғандардың барлығын енгізуге болады. Бірақ оған кімдер енуге тиіс, кімдердің шығармаларын мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарында оқытылуы керек деген мәселе күн тәртібінде түспей келе жатыр. Осы дүниеге әдебиеттанушылардың кеңінен ойласып, талдап-талқылауы мен саралауы керек-ақ. Осы орайда, қазіргі әдебиетімізді бағамдайтын еңбектерді де жетілдіру қажет. Санасы озық, талғаммен оқитын жастарды тәрбиелеуде бүтінгі күні жанаша технологияларды қолдана отырып жұмыс жасауды да ұмытпауымыз керек. Дәстүрлі білім берумен қатар оқытудың заманауи, жанашыл талаптарынан да хабардар болып, оны күнделікті іс-тәжірибеде қолданып отыру, яғни, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына бейімдеу, жазба жұмыстарын нақты ғылыми мәселеге көңіл бөлізіп, соны тереңдете жұмыс жүргізуге баулу т.с.с. заман талабы туындатып отырған жайт екенін ұмытпауымыз керек. Әдебиетті құзыреттілік тұрғысынан

оқытудың өзекті мәселе екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Білім беріп қана қоймай, студенттерді өздігінен ойлауға, ойлануға, ғылыми зердесінің мүмкіндігін салмақтап, іс-әрекет үстінде танылуына, тұлғалық әлеуетінің қалыптасуына да ерекше мән беріп, ескеріп отыру да шарт. Көркем мәтінмен жұмыс істеу кай заманда да өткір мәселелердің бірі болған. Ал кітап оқудан қашықтап бара жатқан бүтінгі ұрпақты бүтін ойламасақ, көп болып, қолға алмасақ, ертең кеш болатыны анық. Ал сөз өнерін, оны жасаушылардың еңбегін оқытатын, оның есемдік әлемі, көркемдік құпиясы туралы терең зерделенетін, әдебиет тарихындағы үлес-салмағы парықталатын тіл-әдебиет факультеттерінде бұл мәселенің қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Сол себепті пәнді оқыту, игеру барысында үнемі жадымызға ұстайтын, қайта-қайта айналып соғатын мәселе – мәтін, мәтінтану жайы болып қала бермек. Яғни, көркем шығарманы, мәтінді білмей тұрып, немесе шалажансар оқып алып, шығарма табиғатын тану, қаламгер ізденісін саралау, ғылыми тұрғыда жүйелеу мен салыстыру, зерделеу мен зерттеудің де мүмкін еместігін білеміз. Сол себепті талапты жастың кітапшен дос болуын әрдайым қадағалап, қолға алып отыруды да міндетімізге аласақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз. Тағы бір назарда ұстайтын жайт, әдебиеттегі көкейкесті мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыратын, саралайтын мезгіл жетті. Кезінде көптеген кітаптар кеңестік идеология үстемдік еткен кезде жазылды. Қазір ұлттық мүдде тұрғысынан ойлайтын, рухани деңгейді бағамдай алатын азаматтарға сөз өнерінің, көркем шығарманың болашақ ұрпақты тәрбиелеуде орасан зор маңыз атқаратынын, адамның жан-жақты қалыптасуы үшін өлшеусіз орны бар екенін дәлелдеу артық. Ендіше, бүтінгі күн тұрғысынан, яғни жаһандану жағдайындағы сөз өнерін, қаламгерлердің шығармашылық-көркемдік әлемін саралауға, жан-жақты жүйелеп қарастыруға ұлт әдебиеттанушыларының, зерттеушілерінің, оқытушы мамандардың алда атқарар міндеттері көп екені белгілі.

жарқын болашаққа үндеп өтсе, дәл осыны жаңа дәуірде Елбасының Н.Ә.Назарбаев XXI ғасырдағы «Мәңгілік Ел» идеясы тұрғысында, іс жүзінде тарихи сабақтастыққа жалғастырып отыр. Оған дәлел «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауындағы. «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан». Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы

... «Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізеді.

Қазақтың Мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақстан Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел», -деген сөздері айшықты дәлел.

Қандай заман, қандай қоғам болса да ұлылар ойы бір-бірімен астасып, үндесе білген. Өйткені олар – қашан да өз жүрегіне, сезіміне әсер еткен құбылыс, идеяларға ойлана қарап, елінің, халқының өмірімен ұштастыра білген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050 стратегиясы: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014жылғы халыққа жолдауы.
2. А.Құнанбаев Шығармалар жинағы
3. Ө.Тәжібаев «Өмір және поэзия» Алматы 1978ж
4. М.Жолдасбеков «Асыл арналар» Алматы 1995ж

МАЗМҰНЫ

АБАЙ – ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еспенбетов А.	Абайдың туған күнін шатастырмайық	3
Мәдібай Қ.	Шәкәрімнің қазақ өлеңі туралы қайсыбір пікірлері	7
Бұлдыбай А.	Шәкәрім шығармашылығының қайнар көздері	14
Дәуітұлы Т.	Шәкәрім шығармашылығы – рухани алтын дінгек	22
Мұхамедқалиқызы А.	Абайды қалай еске алды?	29
Жарұымбаева Д.	Абай жолы қай жол? (герменевтикалық талдау)	33
Қалқабаяева С.	Әдеби шығарманы зерттей оқу әдістерін менгерту	38
Шортанбаев Ш.	Әдебиетті жаңаша оқыту жайлары	42
Ғ.Ақманова	Әдебиет сабағында Шәкәрім ақынның мұрасын танытудағы ой-пікірлерді қолдану	46
Қаратайқызы Г.	Абай сабақтастығы	50
А.Зһаратова	Abai Study Issues in teaching	56

<i>Р. Оразымбетова, Н. Балтабеков, Қ. Капиев</i> Шәкәрімнің педагогикалық идеялары	59
<i>Сисенбиева М.</i> Абай шығармаларының тәрбиелік мәні	63
<i>Өтелбаева А.</i> Шәкәрім шығармаларындағы діни көзқарас	65
<i>Алтысбай А.</i> Абайтану ғылымына жаңаша көзқарас	68

ОРТА ЖӘНЕ КӘСІПТІК МЕКТЕПТЕРДЕ
АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫН
ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

<i>Жұмақаева Б.</i> Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің жаңа арналары	74
<i>Үмбетов М.</i> Әдебиетті оқыту әдістемесі – ғылыми пән	81
<i>Кібіт Г.</i> Абай және оның әндері	89
<i>Ш. Ахметжанова</i> Бастауыш мектепте Шәкәрім шығармаларын сыныптан тыс жұмыстар арқылы меңгерту	93
<i>Бектұрғанова Н.</i> «Шәкәрімтану» курсы бағдарламасы	99
<i>Тұрымбетова А.</i> Абайдың ақындық дәстүрі және Шәкәрім поэзиясы	104
<i>Қарманова Ұ.</i> Абайдың «он жетінші кара сөзі»	107
<i>Б. Тұрсынбекова</i> Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту	109

<i>Нұржанова Ғ.</i> Шәкәрім өлеңдеріндегі рухани-адамгершілік қағидалары	115
<i>Мусаева С.</i> Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолы	116
<i>Молдағалиева А.</i> Абайдың кара сөздері	120
<i>Қуанышқызы Т.</i> Абай Құнанбаев – жазба әдебиеттің негізін салушы	126
<i>А. Альмұжсанова</i> Мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту	129
<i>Қанатқалиева Т.</i> Шәкәрім шығармаларындағы адам, қоғам, дін мәселелері	135
<i>Жетпісенова А.</i> Оқушыларды Шәкәрім шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы арқылы тәрбиелеу	139
<i>С. Тайманова, Ә. Жаулыбаева</i> Шәкәрім шығармаларын колледж оқушыларына оқытудың тиімді жолдары	142
<i>Байдуллаева Р.</i> Ғылым таппай мақтанба	147
<i>Әнесқызы Ә.</i> Шәкәрім лирикаларының өзіндік ерекшеліктері	150
<i>Бозуланова Г.</i> Жалпы білім беретін мектептерде Ш. Құдайбердіұлының шығармаларын оқытудың әдістемелік жүйесі	151
<i>Жансұлтан Қ.</i> Абай шығармаларының жас ұрпақ үшін маңызы	156
<i>Ережесібекова М.</i> Шәкәрім. «Талап пен ақыл»	158